

"Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттауды жүргізу қағидасын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 ақпандағы № 127 қаулысына
өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 қарашадағы № 1184 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттауды жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 ақпандағы № 127 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 20, 238-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттауды жүргізу қағидасында:

мынадай мазмұндағы 4-1, 19-1, 19-2-тармақтармен толықтырылсын:

«4-1. Комиссия өз қызметін мемлекеттік орган шешімінің негізінде тоқтатады.

19-1. Мемлекеттік орган аттестаттамаған ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталмағаны туралы шешімге шағым беруге құқылы.

19-2. Аттестатталған және аттестатталмаған ұйымдар туралы ақпарат тиісті мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастырылады.»;
«Қорытынды ережелер» деген 3-бөлім алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының
С. Ахметов